

АО «КЕДЕНТРАНССЕРВИС» АКТИВНО РАЗВИВАЕТ МУЛЬТИМОДАЛЬНУЮ ЛОГИСТИКУ. ОДНИМ ИЗ ВАЖНЫХ НАПРАВЛЕНИЙ СТАЛО РАЗВИТИЕ СОБСТВЕННОГО АВТОМОБИЛЬНОГО СЕГМЕНТА ЧЕРЕЗ ТОО «ТРАНСПОРТНЫЙ ХОЛДИНГ КАЗАХСТАНА». В ТЕКУЩЕМ ГОДУ МЫ ПРИОБРЕЛИ СОВРЕМЕННЫЕ ТЯГАЧИ И ПОЛУПРИЦЕПЫ, ЧТО ПОЗВОЛЯЕТ ОБЕСПЕЧИВАТЬ КЛИЕНТАМ КОМПЛЕКСНУЮ ДОСТАВКУ ГРУЗОВ ОТ ТЕРМИНАЛА ДО КОНЕЧНОГО ПОЛУЧАТЕЛЯ. ОБЪЕДИНЯЯ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫЙ И АВТОМОБИЛЬНЫЙ ТРАНСПОРТ В ЕДИНУЮ ЛОГИСТИЧЕСКУЮ ЦЕПОЧКУ, МЫ СОЗДАЕМ ПОЛНОЦЕННЫЙ СЕРВИС DOOR-TO-DOOR, КОТОРЫЙ СЕГОДНЯ ОСОБЕННО ВОСТРЕБОВАН РЫНКОМ.

Эльнар ДЖУМАТАЕВ,
генеральный директор АО «Кедентранссервис»



№66 (3213)
21/08/2026

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ



МАШИНАЖАСАУ САЛАСЫ ҚАЛАЙ ДАМУДА?

Елімізде теміржол машина жасау кешені қарқынды жұмыс істеп жатыр. Соңғы жылдары бұл бағытта ауқымды жұмыстар атқарылып, отандық кәсіпорындардың өндірістік әлеуеті мен бәсекеге қабілеттілігі айтарлықтай артты.

Ұлан ОРАЗ,
Астана

Бүгінде теміржол машинажасау саласында 60-тан астам қазақстандық кәсіпорын жұмыс істейді. Оларда 8,5 мыңнан астам адам еңбек етеді. Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің мәліметінше, теміржол машиналарын жасау саласының жалпы машинажасау өнеркәсібіндегі үлесі 13%-ға жетті. Өндірілетін өнімдегі қазақстандық қамту деңгейі 30%-дан 90%-ға дейін жетеді. Локомотивтер, жүк және жолаушылар вагондарын, мойынтіректер, тұтас илемделген дөңгелектер, осьтер, арба бөлшектері мен тораптарын және басқа да өнімдерді шығаратын жетекші кәсіпорындар Астана, Петропавл, Екібастұз, Степногорск, Павлодар, Семей, Өскемен және Атырау қалаларында орналасқан. Олардың қатарында «Локомотив құрастыру зауыты» АҚ, «Электровоз құрастыру зауыты» ЖШС, «Степногорск подшипник зауыты» АҚ, «Қазақстан вагон жасау компаниясы» ЖШС, «Атырау вагон жасау зауыты» ЖШС, «Format Mach Company» ЖШС, «Востокмашзавод» АҚ,



«Проммашкомплект» ЖШС, «R.W.S. Wheelset», «R.W.S. Binding», «Railcast Systems» компаниялары және басқа да кәсіпорындар бар.

Индустриаландыру бағдарламасын іске асыру аясында локомотив және вагон жасау саласындағы әлемнің ірі компаниялары – Wabtec Corporation, Alstom, Stadler және басқа да инвесторлар тартылды. «QazIndustry» Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы» АҚ Машина жасау саласын дамыту дирекциясының мәліметінше, 2017-2025 жылдар аралығында теміржол өнімдерін өндіру көлемі қаржылай мәнде жеті есеге – 104,5 млрд теңгеден 734 млрд теңгеге дейін өсім көрсеткен. 2025 жылдың қорытындысы бойынша теміржол өнімдерін өндіру көлемі алдыңғы жылмен са-

лыстырғанда 22,5%-ға артып, 734 млрд теңгені құрады. Өткен жылдың өзінде отандық зауыттар 114 локомотив – оның ішінде 45 электровоз және 69 тепловоз бар және әртүрлі мақсаттағы 3 068 вагон, оның ішінде жартылай вагондар, платформалар мен жолаушылар вагондарын шығарды.

Жоғары өсім қарқыны биылғы жылдың бірінші жартыжылдығында да сақталып отыр. Өндіріс көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 16,6%-ға артып, 345 млрд теңгеге жетті. Мемлекеттік қолдаудың және бизнестің белсенді қатысуының арқасында елімізде жаңа заманауи зауыттар ашылып, қолданыстағы өндірістік қуаттар жаңғыртылуда.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ЛОГИСТИКА ОБЪЕДИНЯЕТ СТРАНЫ



В Союзе транспортников Казахстана «Kazlogistics» состоялась рабочая встреча с делегацией из китайского города Чунцин. В состав делегации вошли 13 представителей компаний, специализирующихся на международных перевозках, мультимодальной логистике и развитии транспортных коридоров.



Основной темой переговоров стали перспективы укрепления казахстанско-китайского взаимодействия в транспортно-логистической сфере. Участники отметили значительный потенциал для расширения деловых контактов и увеличения объемов перевозок между двумя странами.

Китайские компании уже сотрудничают с казахстанскими партнерами и выразили заинтересованность в дальнейшем развитии бизнеса в Казахстане. Одним из практических вопросов, рассмотренных в ходе встречи, стала организация железнодорожных перевозок.

Стороны рассмотрели возможности повышения пропускной способности пограничных переходов и создания эффективных условий для дальнейшего роста грузопотока между двумя странами.

Также участники обсудили расширение профессиональных связей и обмен опытом. «Kazlogistics» пригласил представителей китайского бизнеса на предстоящий бизнес-форум New Silk Way (NSW). В ответ китайская сторона предложила казахстанским коллегам принять участие в профильном мероприятии в Чунцине, которое запланировано на ноябрь 2026 года.

По итогам встречи стороны подтвердили намерение продолжать диалог по вопросам железнодорожных и мультимодальных перевозок, логистики и развития международных транспортных маршрутов.

Айлин БАУРЖАН

Проект

ВОКЗАЛЫ АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ МЕНЯЮТ ОБЛИК

В Акмолинской области продолжается масштабная модернизация железнодорожных вокзалов. В рамках республиканского проекта обновляются 16 объектов вокзального хозяйства, призванных сделать поездки для пассажиров более комфортными, а инфраструктуру – современной и доступной.

Модернизация вокзальной инфраструктуры сегодня является одним из важных направлений развития пассажирского комплекса. В рамках проекта по модернизации и реконструкции 124 железнодорожных вокзалов по стране значительный объем работ выполняется и в Акмолинской области.

Здесь реконструкция охватила вокзалы 16 станций: Кокшетау, Курорт-Боровое, Макинка, Акколь, Аршалы, Атбасар,

Державинская, Ельтай, Ерейментау, Еркеншилик, Есиль, Жаксы, Жалтыр, Сарыоба, Уленты и Шортанды.

К настоящему времени на 12 объектах строительные-монтажные работы уже завершены. В июне работы были завершены на вокзалах станций Курорт-Боровое, Макинка, Акколь и Шортанды. В июле обновление завершилось еще на восьми объектах – в Аршалы, Державинской, Ерейментау, Еркеншилике, Жаксы,

Жалтыре, Сарыобе и Уленты.

Все работы выполняются в соответствии с утвержденным графиком. Программа модернизации железнодорожных вокзалов реализуется АО «НК «Қазақстан темір жолы» за счет собственных средств при поддержке Правительства Республики Казахстан, Министерства транспорта, АО «Самрук-Қазына» и местных исполнительных органов.

(Окончание на 3-й стр.)

ЖЕТІГЕН – ҚҰРӨЗЕК: ЕКІ УЧАСКЕ ЖАҢҒЫРТЫЛДЫ

Алматы магистральдық желі бөлімшесінде стратегиялық маңызы зор «Алтынкөл – Жетіген теміржол учаскесін жаңғырту» жобасы аясында Жетіген мен Құрөзек аралығындағы 17,7 шақырымдық екі жол учаскесін қайта құрылымдау жұмыстары жүргізіліп, отандық МПЦ-QZ микропроцессорлық орталықтандыру басқару жүйесі енгізілді.

Жоба аясында жүзеге асқан жұмыстармен танысқан Құрметті теміржолшы ардагер Қалтай Сәмбетовтің айтуынша, жалпы ұзындығы 293 шақырымды қамтитын Алтынкөл – Жетіген желісін жаңғырту бұл – Еуразия логистикалық тізбегіндегі стратегиялық жоба.

– Бұл желі Транскаспий халықаралық көлік бағдарының маңызды буыны болып табылады. Жоба инфрақұрылымды ұзақ мерзімді жаңарту стратегиясы аясында жүзеге асырылуда. Оның негізгі мақсаты – тәулігіне 33 жұп пойыз өткізуге мүмкіндік беретін өткізу қабілетін арттыру, жүк ағындарын жеделдету, Қазақстанның транзиттік әлеуетін күшейту және халықаралық дәліздер үшін тұрақты көлік инфрақұрылымын қалыптастыру, – деді ол.

Жоба шеңберінде қазірдің өзінде 12 бөлек пункт пайдалануға берілді. Оның бесеуі жаңадан салынса, тағы жетеуі – Екпінді, Жарсу, Жіңішкесу, Нұрлы, Тасқарасу, Керімағаш және Иінтал станциялары толық қайта жаңғыртылып, сондай-ақ

Жетіген – Құрөзек және Алтынкөл – Иінтал аралықтарында жалпы ұзындығы 32 шақырым болатын екінші жолдар төселді. 6-7 тамыз күндері өткен 14 сағаттық технологиялық «толаскез» барысында Жетіген – Құрөзек аралығында ауқымды кешенді жұмыстар орындалды.

– Құрылысшылар темір жолды қайта төсеу, қозғалыс бағытын өзгерту, сигнализация, орталықтандыру, блоктау және байланыс құрылғыларын ауыстыру, сондай-ақ электрмен жабдықтау жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде Жетіген – Құрөзек аралығындағы қос жолды учаске толық аяқталды. Бұл – бүкіл жаңғырту жобасының шешуші кезеңі, – деп атап өтті «Теміржол жөндеу» ЖШС күрделі жөндеу және құрылыс жөніндегі директоры Азамат Молдахметов.

Жұмыс барысында ұзындығы 1025 метр болатын қолданыстағы жұп жол бөлшектері, 885 метр жаңа рельс-шпал торкөздері төселді. Тақ жолда 775 метр жаңа рельс орнатылған. Арнайы жол техникасының көмегімен жұп жолда әрлеу жұмыстары



жүргізіліп, Жетіген станциясындағы екі бағыттағалы бұрма алынып тасталды. Сонымен қатар жолды түзету, көтеру, торкөздерді реттеу, қиыршықтас балластың толықтыру және тарату секілді техникалық жұмыстар атқарылды. Бұл жұмыстарға «Бірлік» жол машиналары станциясының 90-нан астам қызметкері мен қажетті жол салу техникасы жұмылдырылды.

Жол жұмыстарымен қатар станциялар мен жол аралығында заманауи цифрлық технологиялар да енгізілді. Жетіген – Құрөзек аралығын бақылауға арналған ось санағыш құрылғыларының 11 жиынтығы МПЦ-QZ жүйесіне қосылды. Жетіген және Құрөзек станцияларында 8 бағыттағалы электржетек, 13 маневрлік бағдаршам, 7 рельстік тізбек орталықтандырылған басқаруға енгізіліп, шамамен 8 шақырым СОБ кабелі төселді.

Микропроцессорлық орталықтандырудың «миы» саналатын басқарушы есептеу кешенінде Жетіген станциясы мен Жетіген – Шелек учаскесінде бағдарламалық

қамтамасыз ету жаңартылды.

Жетіген – Алтынкөл желісінің барлығы бірінші деңгейлі пойыз қозғалысын интервалдық реттеу жүйесімен (СИРДП-1) жабдықталған. Бұл жүйе МПО ЭО сигналдары арқылы аралықта бір пойыздың қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз етеді. Қазіргі таңда СИРДП-3 деңгейлі жүйесін сынақтан өткізу басталды. Ол болашақта бір ғана емес, бір мезетте бірнеше пойызды қауіпсіз өткізуге мүмкіндік береді.

– Бұл құрылғыларды іске қосу Жетіген – Құрөзек – Алтынкөл учаскесі мен Жетіген тораптық станциясының өткізу қабілетін едәуір арттырып, пойыз қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, – деді «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының теміржол автоматикасы және телемеханикасы бойынша функционалдық бағыт менеджері Бақыт Тойбаев.

Желіде сонымен қатар екі автомобильдік жол өткелі пайдалануға берілді. Бұрынғы күзетілмейтін өткелдер жабылып, бұл автокөліктер үшін де қозғалыс қауіпсіздігі мен жылдамдығын арттырмақ.

«Алтынкөл – Жетіген» жобасы бойынша жұмыстар әлі де жалғасуда. Алдағы ірі кезеңдердің бірі – Иінтал – Алтынкөл қос жолды аралығын іске қосу, автоматика және байланыс құрылғыларын ауыстыру, сондай-ақ Алтынкөл станциясын дамыту. Бұл міндеттерді барынша қысқа мерзімде аяқтау тапсырылған. Жобаланған жұмыстардың жедел әрі сапалы орындалуы Алтынкөл – Жетіген желісін жаңғырту жобасының табысына тікелей әсер етпек.

Ирина БЕКТИЯРОВА, Алматы
Суретті түсірген автор

«ҚАУІПСІЗ ӨТКЕЛ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫ
АЯСЫНДА СЕКСЕУІЛ ЖОЛ
ДИСТАНЦИЯСЫНА ҚАРАСТЫ
СЕКСЕУІЛ-ҚҰРЛЫҚ СТАН-
ЦИЯЛАРЫ АРАЛЫҒЫНДАҒЫ
ІІ САНАТТЫ ТЕМІРЖОЛ ӨТ-
КЕЛІНДЕ ЖӘНЕ АРАЛ ТЕҢІЗІ
СТАНЦИЯСЫ МАҢЫНДАҒЫ
ІІ САНАТТЫ КҮЗЕТІЛЕТІН
ТЕМІРЖОЛ ӨТКЕЛІНДЕ КЕҢ
КӨЛЕМДІ ПРОФИЛАКТИКА-
ЛЫҚ ЖҰМЫСТАР ҰЙЫМДА-
СТЫРЫЛДЫ. ІС-ШАРАҒА
СЕКСЕУІЛ ЖОЛ ДИСТАНЦИЯ-
СЫНЫҢ ТЕМІРЖОЛШЫЛАРЫ,
АРАЛ ТЕҢІЗІ ЖӘНЕ СЕКСЕУІЛ
СТАНЦИЯЛАРЫНДАҒЫ КӨЛІК-
ТЕГІ ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІНІҢ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, СОНДАЙ-АҚ
АРАЛ ҚАЛАСЫ МЕН СЕКСЕ-
УІЛ КЕНТІ ӘКІМДІКТЕРІНІҢ
ӨКІЛДЕРІ ҚАТЫСТЫРЫЛЫП,
ТЕМІРЖОЛДЫҢ АСА ҚАУІПТІ
АЙМАҚ ЕКЕНІ ТҮСІНДІРІЛДІ.

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

СВЫШЕ

184 млн тонн

ГРУЗОВ ПЕРЕВЕЗЕНО
НА СЕТИ ҚТЖ ЗА СЕМЬ
МЕСЯЦЕВ 2026 ГОДА.

В ТЕКУЩЕМ ГОДУ
АО «НК «ҚТЖ» ЗАКЛЮЧИЛО

1 029

ГODOVЫХ ДОГОВОРОВ С
ОТЕЧЕСТВЕННЫМИ ТОВАРО-
ПРОИЗВОДИТЕЛЯМИ.

С НАЧАЛА ГОДА
ЛОКОМОТИВНЫЙ ПАРК ҚТЖ
ПОПОЛНИЛСЯ

146

СОВРЕМЕННЫМИ
ЛОКОМОТИВАМИ.

СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ

Ұлан ОРАЗ,
Астана



ЖОЛАУШЫ
ТАСЫМАЛЫ

Теміржол қатынасына деген жоғары сұраныс сақталуда. Биылғы жыл басынан бері пойыздармен 7,5 млн жолаушы тасымалданған.

Бұл – тек ұлттық тасымалдаушы пойыздарымен сапарлаған жолаушылар саны. Сонымен қатар жолаушыларға цифрлық сервистер қолжетімділігі арта түскен. Әсіресе босаған орындарға билет сатып алуға мүмкіндік беретін «Қуту парағы» сервисіне жүгінетіндер көбейіп, кеңінен қолданыста. Электронды кезекке пойыз жөнелтілуіне 7 күн қалғанда және 1 сағаттан кешіктірмей тұруға болады. Қызмет теміржол билет кассаларында және [bilet.railways.kz](#) ресми сайтында қолжетімді. Жыл басынан бері сервис арқылы жолаушыларға 234 мың билет ұсынылып, оның 75 мыңы сатып алынды.

Жолаушылар ағынының басым бөлігі дәстүрлі түрде еліміздің ірі қалаларына тиесілі. Жолаушы жөнелту көлемі бойынша Алматы көш бастап, 1,2 млн жолаушыны құрады. Одан кейін Астана – 1 млн және Шымкент 467 мың жолаушы жөнелткен. Әрі қарай Ақтөбе облысының станцияларынан – 741 мың жолаушы, Абай облысынан – 501 мың, Қарағанды облысынан – 471 мың, Қызылорда облысынан – 435 мың және Жамбыл облысынан 331 мың жолаушы жөнелтілген.

Бүгінде 13 бағытқа қатынайтын «Әйелдер вагоны» сервисі де жоғары сұраныста. Қызмет іске қосылғаны бері оны 946 мың жолаушы пайдаланған. Сондай-ақ билет құнының 50% мөлшерінде жеңілдік қарастырылған мүгедектік топтарындағы жолаушыларға арналған арнайы орындарға жеті айда 396 мың билет рәсімделген.

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫН ЕЛЕМЕУ САЛДАРЫ

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе



ҚАҮІПСІЗДІК

Биыл Шалқар жол дистанциясы аумағында 5 мал басу оқиғасы тіркелді. Оның үшеуі – Шалқар–Тассай, екеуі Шалқар – Сексеуіл учаскелерінде болды.

Теміржолшылар қауіпсіздік талаптарын сақтауды ескертіп, тағы да дабыл қақты. Шалқар жол дистанциясының бастығы Бекболат Айтенов теміржол қауіпсіздігіне қатысты алдын алу және түсіндіру жұмыстарының тұрақты жүргізілуін басты назарда ұстап отыр. Дегенмен сақтық шараларын елемейтіндер әлі де аз емес. Ал оның салдары өте ауыр.

Биыл дистанция қызметкерлері Шалқар – Сексеуіл және Шалқар – Тассай бағыттарына жақын орналасқан елді мекен тұрғындарымен 12 рет кездесу өткізіп, 295 адамға темір жол маңында мал ұстау талаптарын түсіндірді. Ауылдарды аралаған теміржолшылар малдың жолға шығып кетуінен шығын тек оның иесіне ғана емес, пойыз қозғалысына қауіп төндіріп, жолаушылардың өміріне қатер келтіретінін ескертті. Сондықтан әрбір мал иесі өз малының қараусыз қалмауын қамтамасыз етуге тиістігі, темір жол арқылы мал айдауды тек арнайы белгіленген өткелдер арқылы жүргізілуі қажеттігі айтылды.

Сонымен қатар темір жолдағы қауіп тек малға қатысты емес. Биыл Тосбұлақ станциясында темір жолды кесіп өтпек болған азаматты пойыз қағып, қайғылы жағдай орын алды. Дистанция қызметкерлері жыл басынан бері темір жол бойында бөгде адамдардың жүруінің алдын алу мақсатында 8 кездесу өткізіп, қауіпсіздік талаптарын түсіндірді. Ал өткелдерде жүргізілген түсіндіру жұмыстары барысында 320 жүргізушіге жол қозғалысы ережелерін сақтау, қызыл сигналға тоқтау, жабық немесе жабылып жатқан шлагбаумнан өтпеу қажеттігі ескертілді.

Суретті түсірген автор

ҮЗДІК ВАГОН ДЕПОСЫ – МАҢҒЫСТАУДА

Жақында «КТЖ» ҰК» АҚ өткен жылғы өндірістік қызмет қорытындысын шығарып, компанияның үздік еңбек ұжымдарын жариялады. Маңғыстау вагон пайдалану депосы «Үздік вагон депосы» атанып, ауыспалы туды жеңіп алды.



Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Ұжымның кәсіби шеберлігі мен қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтауының, өндірістік көрсеткіштерді тұрақты орындауының нәтижесі болған бұл марапаттың арқасында деполықтарға енді лауазымдық жалақысының 5 пайызы мөлшерінде ай сайын үстемеақы төленеді. Бұл сыйақыны олар бір жыл бойы алатын болады.

Астанадан айтулы марапатты алып келген депо директоры Ерболат Саулебаевты құттықтап, мекеменің қазіргі жұмыстарымен танысқан едік. Естуімізше, биылғы жыл – вагоншылар үшін ерекше жыл. 1981 жылы іргетасы қаланған депоның ашылғанына биыл 45 жыл толып отыр. Сонымен қатар үздік мекеме енді «КТЖ» ҰК» АҚ мен оның еншілес ұйымдары арасындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша «Сенім сертификатын» алудан үмітті. 7, 10, 15 жылдан астам уақыт бойы өндірістік факторлармен байланысты жарақаттану жағдайлары кездеспегені үшін берілетін

сертификатты алуға лайықты көрсеткіштері бар көрінеді.

– Бұған дейін басқа марапаттарымыз болғанымен, Қазақ темір жолының бойындағы барлық депо арасында «Үздік вагон депосы» атануымыз депо тарихында тұңғыш рет. Бұл – барлық көрсеткіш бойынша берілетін марапат. Оның ішінде еңбек қауіпсіздігі, қозғалыс қауіпсіздігі, вагон жөндеу жұмыстары, еңбек және ішкі тәртіп бойынша, тапсырмалардың уақытында орындалуы, т.т. бар. Соңғы 3-5 жылдағы көрсеткіштерді назарға алып, өндірістік жарақат, өндірістік ақаулықтар болмауы, басшылық пен жұмысшылар құрамында еңбек тәртібінің бұзылмауы – бәрі есептеліп, берілген баға деп білеміз. Енді деподағы барлық қызметкерге осы айдан бастап келесі жылғы осы уақытқа дейін бес пайыздық сыйлықақы тағайындалады. Бұл оларды еңбекке ынтыландырып, әлеуметтік жағдайына оң әсер етеді. Әрі бұл марапат депомыздың мерейтойына зор тарту болып есте қалады, депо тарихында сақталады, – деп ағынан жарыл-



ды Маңғыстау вагон пайдалану депосының директоры Ерболат Саулебаев.

Оның айтуынша, 45 жыл ішінде депо құрылымдық-техникалық жағынан іргелі кәсіпорынға айналған. Үстіміздегі жылы тағы да кеңейіп, штаты көбейіп, «КаскорТрансСервис» жекеменшік кәсіпорнын қосып алған. Нәтижесінде вагон шаруашылығы жұмыстары арта түскен. КТСМ қондырғылары жылдан жылға жаңаруда екен. Осы жылы екі ғимарат күрделі жөндеуден өткізілмек. Бірі Сайтөстегі вагон қараушылар отыратын ғимарат болса, екіншісі – Маңғыстау станциясындағы вагон қараушылар жуынатын орын. Өткен жылы жұмысшыларды таситын жаңа автобус алынып, қызмет көрсетуде. Жұмысшылар саны «КаскорТрансСервис» келген 14 жұмысшыға толығып,

штат бүгінде 471 адамға жеткен. Депоның құрамына ұқсас қызмет атқаратын жекеменшік кәсіпорынның қосылуы артық шығындардан, кейбір кедергілерден арылтып, тарифтерді арзандатуға септік еткен.

Депо басшылығы еңбекті қорғау мәселесіне ерекше көңіл бөліп, жұмысшыларды қажетті құрал-жабдық, киімдер және сүт, сабын секілді өнімдермен уақтылы қамтамасыз етілуін назарда ұстайды. Жұмысшылар өндірістік қауіпсіздік, техника қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі, электр қауіпсіздігі бойынша курстарға кестеге сай жіберіліп, білімін арттырып отырады. Техникалық кабинеттер талапқа сай жабдықталып, жұмысшыларға жоспарлы және жоспардан тыс түрде техникалық сабақтар жүргізілуі қатаң қадағаланады.

Суретті түсірген автор

МЫҢАРАЛДЫҢ МАЙТАЛМАН МАМАНДАРЫ

Сарышаған электрмен жабдықтау дистанциясына қарасты Мыңарал цехы – «Мойынты-Бірлік» бағытындағы Қайраткөл мен Жастар станциялары аралығындағы 62 шақырым жолда түйіспелі желіні электрмен қамтамасыз етеді.



Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл

Сарышағаннан жүз шақырым қашықта орналасқан Мыңарал станциясындағы түйіспелі желіні электрмен жабдықтау цехының негізгі міндеті – магистральдық желі бойындағы қосалқы тартым станцияларынан электр өткізгіш сымдар арқылы электроваздарға ток беру. Бүгінде онда еңбек етіп жатқан 17 адам белгіленген теміржол учаскесіндегі байланыс желілеріне мінсіз техникалық қызмет көрсетуде. Сымдар мен жабдықтарды ақаулардан қорғау, күту және жөндеу жұмыстарын атқару арқылы пойыздардың үздіксіз әрі қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз етуге үлес қосуда.

– Мыңарал түйіспелі желіні электрмен жабдықтау цехының жұмысскерлері жалпы 62 шақырым жолда локомотивтерді электрмен қамтамасыз етеді. Шу мен Сарышағанның шекарасы Қайраткөл станциясында түйесі. Шығыс бағытында осы Қайраткөлге дейін, батысында Мыңарал, Жастар станциялары аралығындағы біздің еншімізге берілген аумақта бір аға электрмеханик



және электрмеханик, АДМ-187 дрезинасының төрт машинисі, 11 түйіспелі желі аралығының электрмонтері электроваздарға ток беріп, электр желілері мен жабдықтарын күтіп-баптап, пойыздардың қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз етіп отыр, – дейді цех бастығы Ерлан Байжұмартов.

Ерлан Хамитұлының айтуынша, өндірістік операцияларды автоматтандыру, жұмыс уақытын тиімді пайдалану және қауіпсіздікті арттыруға, жалпы теміржол саласындағы еңбек процесін оңтайландыруға бағытталған игіліктерден Мыңарал түйіспелі желіні электрмен жабдықтау цехы да шет қалмапты. 2023 жылы қызметтік жаңа автокөлік берілген. Цех жұмысшылары

АДМ-187 дрезинасымен, Донгфенг жүк көлігімен, басқа да құрал-жабдықтарымен түгел қамтылған.

Цех бастығы жоғары кернеулі электр құрылғыларымен жұмыс істейтін болғандықтан, мамандарға талаптар мен нұсқаулар таныстырылып, еңбек қауіпсіздігі сағаты өткізіліп отыратынын айтады. Бұдан бөлек жыл сайын бекітілген кестеге сәйкес арнайы біліктілікті арттыру курстарына жіберіліп тұрады екен.

Арнайы білім мен өндірістік тәжірибесі жоқ маманның электр вольтажының құрылымымен тікелей жанаспай тұратын түйіспелі желіні ажырата алуы ектітайы. Кездейсоқ адам түйіспелі желіге тоқ беретін пантографты білмей-

тіні түсінікті. Ал мыңаралдық мамандар электр желілері мен жабдықтардағы ақауды бірден байқайды, күтіп-қорғау жұмыстарына бесаппа. Электрмонтерлер күрделі мәселе туындай қалса, цех бастығынан кеңес сұрайды. Өйткені 41 жылдан бері үздіксіз осы салада еңбек етіп келе жатқан Ерлан Байжұмартовтан жастардың үйренері көп.

1985 жылы Шу электрмен жабдықтау дистанциясына электрмонтер болып жұмысқа кірген ол Сарышаған дистанциясы құрылғанда осында ауыстырылады. Тоқсаныншы жылдардың басында Шу – Луговой желісін, кейін Алматы бағытындағы Бел, Ұзынағаш, Алматы-1, Алматы-2 станцияларын электрлендіру жобасын монтаждаудан бастап, соңғы электр тоғын бергенге дейінгі жұмыстарға толық қатысқан ерен еңбегі үшін 2002 жылы саладағы ең жоғары марапат «Құрметті теміржолшы» төсбелігімен марапатталады. Ал 2015 жылы Қазақстанның Электр энергетикалық қауымдастығының «Еңбегі сіңген энергетик» медалімен марапатталған тәжірибелі маман басқаратын ұжым ешқашан осал болмасы анық.

Суретті түсірген автор

Заң мен тәртіп

СЕГІЗ ӨТКЕЛДІ ҚАМТЫДЫ

Республикалық «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясында өтіп жатқан «Қауіпсіз өткел» акциясы Атырау магистральдық жол бөлімшесінде де жалғасуда. Атырау мен Құлсары жол дистанциясы жол полициясымен бірлесіп аймақтағы 8 өткелде рейд өткізді.



Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Бөлімшенің пойыздар қозғалысын сақтау бөлімінің бастығы Мақсұт Дүйсәлінің айтуынша, жалпы бөлімшеге қарасты 53 өткел бар. Оның төртеуі күзетілетін өткел. Ақция аясында 8 өткелде көлік жүргізушілермен түсіндіру жұмыстары жүргізілуі жоспарланған, оның екеуі күзетілетін өткел. Бүгінге дейін Мұқыр, Мақат-рзд-402, Доссор, Майкөмген, Тұманды бекеттеріндегі өткелдерде автокөлік иелерімен түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

– Біздің мақсатымыз – көлік жүргізушілері өткелден өтерде және өткенде заң мен тәртіпті, жол қозғалысы ережесін сақтауға шақыру. Ең алдымен тек рұқсат етілген жерлермен өту, әсіресе күзетілмейтін өткелден өтерде жан-жағына қарап, «Тоқта» белгісіне аялдап, сосын пойыздың жоқтығына көз жеткізгеннен кейін ғана жүру керек. Жол белгілеріне,

бағдаршамдарға, дыбыстық белгілерге назар аудару да өте маңызды. Өткелден зулап өте шығам деуге мүлдем болмайды, оның арты талай өкінішті оқиғаларға алып келгені рас. Сондықтан көлік иелеріне сақ болуды, әрдайым тәртіп сақтауды түсіндірдік, – дейді ол.

Мақат – Құлсары учаскесінің Құлсары – Шоқпартоғай айналымы аралығындағы 1244 шақырым, №6 бекеттегі өткелден тәулігіне 24 жұп пойыз өтеді. Ал автомобиль саны одан көп – тәулігіне бірнеше мыңға барады. Өйткені бұл өткел Теңіз кен орнына қарай жүретін автожолда тұр. Алып кеніш аумағында ондаған компаниялар жұмыс жасаса, оған баратын жеке көлік иелері де аз емес. Соған орай ақция аясында 80 көлік иесіне, жүзге тарта тұрғындарға өткелдегі қауіпсіздік тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, ақпараттық парақшалар үлестірілді. Бүгінде Атырау – Ганюшино бағытындағы бірнеше өткелде жалғасуда.

Суретті түсірген автор



Темір жол және автобан арқылы еліміздің оңтүстігі мен солтүстігін, шығысы мен батысын байланыстырып жатқан Шу қаласы – нағыз тоғыз жолдың торабы. Тораптық станцияның негізгі үш теміржол өткелінде «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясында «Қауіпсіз өткел» акциясы өтті.

ШЛАГБАУМ ЖАБЫЛҒАН КЕЗДЕ...



Айназ СЫРЫМБЕТ,
Шу

Шу жол дистанциясының жауапты қызметкерлері ұйымдастырған рейдтің іс-шараға Шу станциясындағы желілік полиция және аудандық полиция бөлімінің Жол және техникалық инспекция тобының, Шу станциясындағы вагондарды дайындау пункті коммерциялық қауіпсіздік бекетінің қызметкерлері қатысты.

– 3745-шақырымдағы Тоғай өткелі арқылы жүк және жолаушылар пойыздарымен қатар, автокөліктер көп өтеді. Ал 3731-шақырымдағы «ХимПарк» – өңірдегі арнайы экономикалық аймаққа барар жолмен қиылысады. Ол маңда өнеркәсіптік

нысандар көп орналасқандықтан, жүк көліктерінің қозғалысы жоғары. Ал 3748-шақырымдағы Қонаев өткелінің маңызы – қалайылық және қаламаны жолдарымен байланыстырады. Үш өткел де қала аумағындағы көлік пен пойыз қозғалысы қиылысатын маңызды әрі қауіпті аймақтар. Сондықтан көлік жүргізушілеріне шлагбаум жабық тұрғанда немесе тыйым салатын сигнал жанғанға тоқтап, жолдың ашылғанын күту қажеттігі түсіндірілді, – дейді Шу жол дистанциясының өндірістік-техникалық бөлімінің жетекші инженері Ерлан Жадыраев.

Рейд кезінде дистанцияның өндірістік оқу шебері Серік Мухабеев пен Ерлан Мәлікұлы жүргізушілерге қауіпсіздік ережелері жазылған



жадынамалар таратты.

Сондай-ақ полиция бөлімінің Жол және техникалық инспекция тобының полиция лейтенанты Әлішер Атан, Шу станциясындағы вагондарды дайындау пункті коммерциялық қауіпсіздік бекетінің полицейі, полиция кіші сержанты Дос Жанболат көлік иелеріне бағдаршамның қызыл түсі жанып, белгі берілгенде жол ережелерін сақтамаған көлік жүргізушілеріне ауызыша ескертуден кейін заң талаптары бойынша жазбаша хаттама толтырылатынын жеткізді. Шлагбаум жабылған сәттегі іс-әрекеттер алгоритмін пысықталып, оны қатаң сақтаудың қаншалықты маңызды екені түсіндірілді.

Суретті түсірген автор

По итогам 2026 года победителем конкурса «Ұздік теміржол ұжымы» признан филиал ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Ақмола». Эта высокая оценка стала признанием слаженной работы коллектива, надежности перевозочного процесса и ответственности железнодорожников, обеспечивающих движение поездов и транспортное обслуживание одного из крупнейших регионов страны.

НАДЕЖНОСТЬ ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГИ – В ЛЮДЯХ И ПРОФЕССИОНАЛИЗМЕ

Руслан РАХМЕТОВ,
Кокшетау

История железнодорожного транспорта Акмолинского региона насчитывает не одно десятилетие. За это время магистраль стала неотъемлемой частью экономической жизни региона, связав промышленные предприятия, сельскохозяйственные районы, города и населенные пункты. Сегодня филиал «Ақмола» продолжает эту традицию, объединяя производственные подразделения и специалистов, от работы которых напрямую зависит бесперебойность перевозочного процесса.

ОТ ДОРОГИ – К СОВРЕМЕННОЙ СИСТЕМЕ

Современная железнодорожная инфраструктура Акмолинского региона формировалась вместе с развитием экономики страны. Железная дорога обеспечивала перевозки продукции агропромышленного комплекса, угля, металлов, строительных материалов и других грузов, постепенно становясь важнейшей частью транспортной системы Северного Казахстана.

Значимым этапом стало развитие железнодорожного машиностроения. В Астане были созданы современные производства локомотивов и пассажирских вагонов. В частности, 3 июля 2009 года на территории индустриального парка столицы был открыт локомотивосборочный завод, созданный при участии компании General Electric. В 2011 году начал работу завод по производству пассажирских вагонов «Тулпар-Тальго». Эти предприятия стали частью масштабной программы обновления отечественного железнодорожного транспорта.

Параллельно модернизировались инфраструктура и ремонтная база. На предприятиях региона проводились ремонт и модернизация локомотивов, развивались вагонные и локомотивные депо, совершенствовались системы сигнализации, связи и электрооборудования.

В 2016 году была создана компания «КТЖ – Грузовые перевозки», сформировавшая филиальную сеть, обеспечивающую перевозочный процесс на железнодорожной сети страны.

– За каждым этапом развития железной дороги стоят люди. Меняется техника, внедряются современные технологии, автоматизируются производственные процессы, но неизменным остается главное – ответственность железнодорожника за безопасность и четкое выполнение своей работы. Именно профессионализм коллектива позволяет обеспечивать устойчивость перевозочного процесса, – отмечает директор филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Ақмола» Саят Бекенов.

ВАЖНОЕ ЗВЕНО СЕВЕРНОГО РЕГИОНА

С 1 октября 2025 года, после реорганизации, филиал ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП»

получил новое наименование – филиал ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Ақмола».

Сегодня подразделение осуществляет транспортное обслуживание трех крупных регионов Северного Казахстана. Филиал имеет стратегическое значение и как транзитный участок: на его территории находятся железнодорожные направления, связывающие Казахстан с Россией. Северный регион является одним из ключевых зерносеющих регионов страны, поэтому около 50% перевозок зерновых грузов приходится на Акмолинское отделение.

Границы филиала проходят от станций Петропавловск и Пресногорьковская, сопрягаясь с Южно-Уральской железной

электровозоремонтный завод и другие специализированные предприятия.

– Железная дорога – это единый организм. Нельзя выделить одну службу и сказать, что только от нее зависит результат. От состояния пути и контактной сети до работы локомотивной бригады и оформления перевозочных документов – каждое звено имеет значение. Поэтому наша сильная сторона – именно взаимодействие, – подчеркивает директор филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Ақмола» Саят Бекенов.

По филиалу 56 станций осуществляют прием грузов повагонными, маршрутными, групповыми и контейнерными отправлениями. Оформление перевозочных до-



дорогой Российской Федерации, до станций Новоишимская, Едыге, Сороковая и Есиль, соединяющих его с другими железнодорожными подразделениями Казахстана.

Развернутая длина железнодорожных путей филиала составляет 2 760,8 километра, общая протяженность – 1 589,8 километра. При этом 1 163,1 километра приходится на двухпутные участки, 426,7 километра – на однопутные.

